

«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық өнер университеті»  
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен

**БЕКІТІЛДІ**

«14» сәуір 2026 ж.

№ 2 қағдама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров



**«КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

**ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.**

**ТАЛАПКЕР «КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ  
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

- ✓ **МАГИСТРАТУРА**
- **М034 - ӨНЕРТАНУ**
- **7М02162 - «ӨНЕРТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Алдыңғы білімі: бакалавриат (бейіні бойынша сәйкестік)	Шекті балл
«Өнертану»	7М02162 – «Өнертану»	Қазақ Орыс	Білім беру бағдарламасы «Өнер» «Өнертану»	75 грант және ақылы

**М034 - Өнертану, 7М02162 «Өнертану» мамандығы бойынша магистратураға түсушілерге қойылатын талаптар:** Университеттің магистратурасына кәсіби оқу бағдарламасы бойынша жоғарғы білім алған тұлғалар қабылданады. Магистратураның білім беру бағдарламаларына қабылдау бакалавриат пен магистратурадағы дайындық бағыттарының және «Өнер», «Мәдениеттану», «Журналистика» білім беру бағдарламаларының сәйкестігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқуға түсуші жоғары жалпы білім деңгейіне және зияткерлік әлеуетке, аналитикалық ойлау қабілетіне, өзін-өзі ұйымдастырудың жоғары деңгейіне, дамыған коммуникативтік қасиеттерге ие болуы тиіс. Сонымен қатар, таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша жоғары дайындық деңгейін, ғылыми-зерттеу жұмысына қабілеттілігін және басқа да қажетті құзыреттерін көрсетуі қажет.

Дайындық бағыттары сәйкес келіп, мамандығы сай болмаса, талапкер магистратураның кәсіби оқу бағдарламасын игеруге қажетті пререквизиттердің бәрін меңгеру қажет. Егер пререквизиттерді меңгермесе, магистратураға түсуші талапкер оны ақылы негізде меңгере алады. Оқу тілі – қазақ тілі/орыс тілі.

#### • БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

«Өнертану» мамандығы бойынша талапкерге билеттер бойынша сұрақтарға жауап беру ұсынылады. Комиссия әлемдік көркем мәдениет, өнердің әртүрлі түрлері (кіші түрлері) және жанрлары (бейнелеу өнері, сәулет, қолданбалы өнер, көркемдік бағыттардың дамуын және т.б.) бойынша қосымша сұрақтар қоя алады.

#### • ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

#### ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘҢГІМЕЛЕСУ.

**М034 «Өнертану» білім беру бағдарламалары бойынша магистратураға түсушілердің ғылыми жұмысының рефератына қойылатын талаптар:**

1. Реферат талапкердің қазақ немесе орыс тілінде жеке және өз бетінше орындаған еңбегі болуы тиіс.
2. Рефераттың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі керек.
3. Рефераттың көлемі – 20-25 бет.
4. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:
  - титулдық бет;
  - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі,

- жаңалықтары, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
- реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
  - қорытынды;
  - қолданылған әдебиеттер тізімі;
  - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).

**5. Рефераттың рәсімделуі:**

Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;

Интервал – бір;

Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, солға – 3 см, оңға – 1,5 см.;

Абзац шегінісі – 1 см.

**6. Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат - негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған рецензия ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша қуәландырылуы тиіс.**

**7. Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және ҒЖБССҚЕК талаптары бойынша ресімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі. Реферат тақырыбы бойынша талапкердің бұрын жарияланған ғылыми мақалалары болуы керек.**

**• Шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері**

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I- шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I - шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II- шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II - шығармашылық емтихан</i>
32-35	Емтихан билет сұрақтары бойынша сапалы / жоғары білім деңгейін көрсетеді, сыни талдау дағдыларын меңгереді, нақты логикалық ойлауға ие. өзінің пәндік саласында сенімділік пен құзыреттілікті көрсетеді. Берілген жауаптары өзіндік ерекшелігімен және зерттеуге таңдалған материалды терең түсінуімен ерекшеленеді. Оқуға түсуші әлемдік көркемдік процестің тарихына еркін бағдарлайды, өнертану тарихы мен теориясы бойынша сапалы материалды меңгергенін көрсетеді.	32-35	Зерттеудің өзекті мәселесін негізді түрде нақтылады, білімділігінің жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойын көрсетті. ғылыми білімге ие, нақты мақсат қойып, мәселелерді шешу жолдарын көре білді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді.

			Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтіннің кемінде 25 беті).
28-31	Үміткер емтихан билетіндегі барлық мәселелер бойынша негізгі аспектілерді жақсы меңгерген, логикалық және дәлелді жауаптар береді, жалпы дайындық деңгейі жоғары. Сұрақтарға талапқа сай жауап береді. Жауабы қисынды түрде құрылған, сабақтас пәндерде бойынша кең білімділігін көрсетеді.	28-31	Оқуға түсуші мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтіннің кемінде 20 беті).
24-27	Бейнелеу/қолданбалы / заманауи өнер, сәулет және т. б. түрлері бойынша жақсы базалық білімін көрсетеді. Емтихан билетінің сұрақтарына талаптарға сай жауаптар жауап береді, бірақ келтірілген мысалдардағы дәлелдердің әлсіз негіздемесі, жауаптардағы шатасулар басым. Жіберілген қателіктер немесе білімдегі олқылықтар бар, жалпы дайындық деңгейі жақсы.	24-27	Оқуға түсуші мақсат пен міндеттердің жақсы тұжырымдалуын, зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтіннің кемінде 15 беті).
20-23	Бейнелеу/қолданбалы / заманауи өнер, сәулет және т. б. түрлері бойынша жақсы базалық білімді көрсетеді. Емтихан билетіндегі сұрақтарға орташа жауап береді, кейбір сұрақтарға дәлелді жауаптар береді. Жіберілген қателіктер немесе білімдегі олқылықтар бар, жалпы дайындық деңгейі орташа.	20-23	Оқуға түсуші зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінгенін көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білім жеткіліксіз ұсынылды.
16-19	Түсуші зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінгенін көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білім жеткіліксіз ұсынылған Өнертану саласында білімі шектеулі, әлемдік көркем мәдениет бойынша қосымша сұрақтарға жауап бермеді, жауаптар жиі нәтижесіз болады. Зерттелетін материалды түсінуде өрескел қателіктер жібереді.	16-19	Оқуға түсуші зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдыларының жеткіліксіздігін және жұмыстың өзектілігінің шектеулі дәлелдерін көрсетеді. Ғылыми білімді нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).

12-15		12-15	Максат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінік жоқ, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, аз жұмыс көлемін ұсынды (15 немесе одан аз бет).
7-11	Оқуға түсуші тиісті дайындық деңгейін көрсетпеді. билет сұрақтары бойынша негізгі тақырыптарға қамтымады; берген жауаптары қате немесе үстіртін жауап берді.	7-11	Зерттеудің өзектілігінің, теориялық және практикалық маңыздылығының жоқтығын көрсетеді. ғылыми білімі жоқ және мамандандыру профилінің тақырыбына сәйкес келмейді.
0-6	Келесі емтиханға өтпейді. Материалды игермеген, келтірген дәлелдері мен мысалдары дұрыс емес..	0-6	Өтпейді. Жұмыс ғылыми зерттеу рефератын ресімдеуі бойынша талаптарға сәйкес келмейді.

#### БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: [2026-onertanu@mail.ru](mailto:2026-onertanu@mail.ru)

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com)

Факультет деканы: Биримкулов Ернияз Рыскулович

Кафедра меңгерушісі: Жекибаева Жазира Женисовна